

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**  
**5B030100 – «Құқықтану» мамандығы**  
**бойынша білім беру бағдарламасы**  
**Пән: Осы заманғы мемлекет қызметі**

**б) Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы**

**а) Қорытынды емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары:**

- Тақырып 1. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ ҚР
- Тақырып 2. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ҚР
- Тақырып 3. МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ (ФУНКЦИЯЛАРЫ)
- Тақырып 4. МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕХАНИЗМІ. МЕМЛЕКЕТ ТИПТЕРІ
- Тақырып 5. МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ (ФОРМАСЫ)
- Тақырып 6. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ
- Тақырып 7. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ
- Тақырып 8. ҚҰҚЫҚ ҰҒЫМЫ. ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ (НЫСАНДАРЫ)
- Тақырып 9. ҚҰҚЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ.
- Тақырып 10. ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМА
- Тақырып 11. ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Тақырып 12. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР
- Тақырып 13. ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. ЗАҢДАРДЫ ЖҮЙЕЛЕУ
- Тақырып 14. ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. ҚҰҚЫҚТЫ ТҮСІНДІРУ (ТАЛҚЫЛАУ)
- Тақырып 15. ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ. ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ. ЗАҢДЫ (ҚҰҚЫҚҚА САЙ) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

**в) Қорытынды емтиханға шығарылатын сұрақтар**

1. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдістерінің ерекшеліктерін ашыңыз. Мемлекет және құқық теориясын оқытудың зангерлердің құқықтық санасын қалыптастырудағы маңызын көрсетіңіз. Қоғамдық және заңтану ғылымдары жүйесінде мемлекет және құқық теориясының алатын орнын ашыңыз. Мемлекет және құқық теориясының функцияларын (қызметтерін) көрсетіңіз.
2. Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін негізгі ілімдер (патриархалдық, психологиялық, таптық, органикалық және т.б.) ашыңыз, оның заң ғылымындағы және тәжірибесіндегі мәнін көрсетіңіз. Мемлекет пен құқықтың пайда болуын түсіндіретін келісім-шарт теориясының осы заман тәжірибесіндегі маңызын көрсетіңіз. Құқықтың пайда болуын түсіндіретін негізгі ілімдерді сипаттаңыз. Құқықтың шығуы туралы табиғи – құқық теориясының заң тәжірибесіндегі орнын көрсетіңіз.
3. Әр түрлі елдердегі мемлекет пен құқықтың пайда болу жолдарының жалпы заңдылықтарын көрсетіңіз. Мемлекет және құқықтың пайда болуының шығыстық және батыстық жолдарын салыстырмалы түрде ашып көрсетіңіз. Көшпелі елдердегі мемлекет пен құқықтың ерекшеліктерін көрсетіңіз.
4. Мемлекет типтері: мемлекеттерді типтерге жіктеудің түрлі жолдарын ашыңыз. Мемлекетті типке бөлудің өркениеттік және формациялық жолдарын салыстырыңыз. Мемлекеттің типтеріне әсер ететін факторларды анықтаңыз.

5. Мемлекеттің түсінігі мен мәнін ашыңыз. Мемлекетке анықтама беріңіз. Мемлекет белгілерін көрсетіңіз. Мемлекеттің негізгі белгілерін осы заманғы түсіндірудің түрлерін ашыңыз.
6. Мемлекет функцияларына анықтама беріңіз. Мемлекет функцияларын жүзеге асыру нысандарын көрсетіңіз. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары және әдістерін көрсетіңіз. Мемлекет функцияларын жіктеңіз. Жаһанданудың мемлекет функцияларына әсер етуін қарастырыңыз. Құқық қорғау функциясының мәнін ашыңыз.
7. Мемлекет нысанының түсінігі мен элементтерін ашыңыз. Мемлекет нысанының дамуына әсер ететін факторларды көрсетіңіз. Мемлекеттің басқару нысаны және оның түрлерін анықтаңыз. Қазақстан Республикасында президенттік басқару нысанының ерекшеліктерін көрсетіңіз. Президенттік және парламенттік республикасының салыстырыңыз. Мемлекеттің басқару нысаны ретіндегі монархияның ерекшелігін көрсетіңіз.
8. Мемлекеттің құрылым нысаны және оның түрлерін ашыңыз. Унитарлық және федеративтік мемлекеттерге салыстырмалы талдау жасаңыз. Саяси режим және оның түсінігі мен түрлерін ашыңыз. Саяси режимнің дамуына әсер ететін халықаралық және ұлттық факторларды ашыңыз.
9. Мемлекет механизмін ашыңыз. Мемлекет механизмінің қызметінің (әрекетінің) принциптерін (қағидаттарын) көрсетіңіз. Мемлекет механизмінің қалыптастырудағы биліктің бөліну принципінің мәнін ашыңыз. Мемлекеттік органдарының қызметінің кәсіпқойлығы, жариялылығы мен демократизм принциптерін ашыңыз.
10. Мемлекет органдарының түсінігін ашып және олардың жіктелуін көрсетіңіз. Заң шығарушы, атқарушы және сот органдарының өкілеттілігін, тепе-теңдік және тежемелік механизмін және оның әсерін ашып көрсетіңіз. Вето, импичмент, сенімсіздік вотум институттарының мәнін ашыңыз. Қоғамның саяси жүйесінің түсінігін, құрылымын ашыңыз. ҚР саяси жүйенің дамуындағы саяси партиялардың ролін көрсетіңіз. Саяси жүйеде мемлекеттің орталық рөл атқаратынын дәлелденіз.
11. Құқықтық мемлекет идеясының пайда болуы және дамуын ашыңыз. Құқықтық мемлекеттің белгілерін және қағидаттарын ашыңыз. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам арақатынасын ашып көрсетіңіз. Азаматтық қоғам институтының түсінігін, құрылымын және белгілерін ашыңыз.
12. Құқықтық мемлекет және тоталитарлық (этатикалық) мемлекетті салыстырыңыз. Құқықтық мемлекет принциптерін және ҚР-сы Конституциясында баянды етілуін көрсетіңіз. ҚР-да құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды құрудың мәселелерін анықтаңыз. Қазіргі кезеңде Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалардың мәнін ашыңыз.
13. ҚР-сы мемлекеттілік нысанының ерекшеліктері. ҚР зайырлы, әлеуметтік, құқықтық, демократиялық, бірыңғай мемлекет ретіндегі ерекшеліктерің ашыңыз (ҚР Конституциясының 1-ші бабы). Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құру кезінде туындайтын мәселелерді ашыңыз. Құқықтық мемлекет құру үшін ҚР Президентінің «5 реформаны жүзеге асыру үшін жасалатын 100 нақты қадам» бағдарламасының мәнін ашыңыз.
14. Қазақстан Республикасы егемендігін анықтайтын негізгі актілердің мазмұны мен мағынасын ашыңыз: 1990 жылғы 25 қазандағы мемлекеттік егемендік туралы Декларация, 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңы, 1993 жылғы 28 қаңтардағы ҚР Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясының ерекшеліктерін көрсетіңіз. Тәуелсіз ҚР-ның құқықтық негіздерін құрудағы академик С.Сартаевтың ролін ашы көрсетіңіз.
15. Мемлекеттің билік бөлінісінің теориясын ашыңыз. Тепе-теңдік және тежемелік жүйесін ашыңыз. Қазақстан Республикасында билікті бөлу принципінің жүзеге асырылу ерекшеліктерін ашыңыз. Тепе-теңдік мен тежемелік жүйенің негізгі институттары – вето құқығы, импичмент, парламентті тарату құқығы, соттардың тәуелсіздігінің мазмұнын ашыңыз.

16. Парламенттік және президенттік республиканы салыстырыңыз. Қазақстандағы президенттік республиканың ерекшеліктерін көрсетіңіз. 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар және оның мемлекеттің басқару нысанының дамуына әсерін ашыңыз.
17. Құқықтық мемлекеттік негізгі белгісі - заң үстемдігінің мағынасын ашыңыз. Құқықтық мемлекеттің белгілерін көрсетіңіз. ҚР заң үстемдігін қамтамасыз етудің мәселелерін ашыңыз. Құқық пен заң үстемдігі үшін соттардың ерекше ролін айқындаңыз. ҚР Президентінің заң үстемдігі саласындағы «5 реформаны жүзеге асыру үшін жасалатын 100 нақты кадам» бағдарламасына талдау жасаңыз.
18. Құқықты ұғынып түсінудің осы заманғы ғылыми жолдары: құқықтың нормативтік теориясы, құқықтың әлеуметтік тұжырымдамасы, табиғи құқық теориясын ашыңыз. Құқықтық тәжірибе үшін осы тұжырымдамалардың мәнін көрсетіңіз.
19. Құқықтың мәнін және белгілерін ашыңыз. Құқық анықтамасын беріңіз. Құқықтың реттеуші, қорғаушы, тәрбиелік, идеологиялық функцияларын көрсетіңіз. Азаматтық қоғамдағы құқық функциясының басымдығының өзгеруін негіздеңіз.
20. Құқық принциптерін (қағидаттарын) ашыңыз. Құқықтың жалпы және арнаулы қағидаттарын көрсетіңіз. Құқықтық тәжірибе үшін құқық қағидаттарының маңызын ашыңыз. Құқық және заң: ұқсастықтары мен өзгешеліктерін салыстырыңыз. Құқық пен заңның құқықтық тәжірибе үшін өзгешілігінің мәнін анықтаңыз.
21. Құқықтың қоғамның әлеуметтік жүйесіндегі алатын орнын көрсетіңіз. Құқық және моральдың бірлігі, айырмашылығы, өзара әрекеттесуі, қарама-қайшылығын салыстырыңыз. Құқықтық нормаға әдет-ғұрыптың және діннің әсерін ашыңыз.
22. Құқық нормасының түсінігін ашыңыз. Құқық нормасының белгілері мен түрлерін көрсетіңіз. Құқық нормасының логикалық құрылымын ашыңыз. Нормативтік құқықтық акті мен құқық нормасының арақатынасын ашып көрсетіңіз.
23. Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі мен түрлерін ашыңыз. Құқықтық әдет ғұрып және сот прецеденті құқықтың тарихи қайнар көзі ретінде салыстырыңыз. Қазақ халқының құқықтық әдет ғұрыпының ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз.
24. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген құқықтың жалпы сипаттамасын беріңіз (ҚР Конституциясының 4-ші бабы). ҚР Конституциясының 4 бабында көрсетілген құқықтың қайнар көздерінің түрлерін ашыңыз.
25. Нормативтік-құқықтық акті және оның түрлерін ашыңыз. 2016 жылғы 6 сәуіріндегі ҚР «Құқықтық акт туралы» заңның мағынасын ашып көрсетіңіз. Нормативтік құқықтық акт пен нормативтік емес құқықтық актінің айырмашылығын көрсетіңіз. Нормативтік-құқықтық актілердің иерархиясын ашыңыз. Нормативтік-құқықтық актінің уақытқа, кеңістікке және субъектілері бойынша күшін ашыңыз. Заңның кері күшінің түсінігін беріңіз.
26. Заңның анықтамасын беріңіз. Заңның белгілерін көрсетіңіз. Заңның заңи күшін анықтаңыз. Заңның түрлерін көрсетіңіз.
27. Бұқара-жария құқығы және жеке құқықты ашыңыз. Заң тәжірибесі үшін құқықтың бұқара – жария және жеке құқық болып бөлінуінің мәнін анықтаңыз. Объективтік құқық және субъективтік құқықтың түсінігін, айырмашылығын, өзара әрекетін ашып көрсетіңіз.
28. Құқықты жүзеге асыру және оның түрлерін ашыңыз. Құқықты қолданудың құқықты жүзеге асырудың басқа түрлерінен айырмашылығын көрсетіңіз. Құқықты қолданудың түсінігін ашыңыз. Құқықты қолданудың субъектілерін көрсетіңіз. Құқық қолданудың сатылары және оның түрлерін анықтаңыз. Құқық қолдану актілері және олардың түрлерін ашып көрсетіңіз.
29. Құқық жүйесін ашыңыз. Құқық жүйесінің құрылымдық элементтері және олардың жалпы сипатын анықтаңыз. Құқықтық институттың, құқықтық норманың түсінігін беріңіз. Жаңа құқық салаларының пайда болуы құқықтық тәжірибенің қажеттілігінің көрінісі екендігін дәлелдеңіз.

30. Құқық жүйесі және заңдар (заңнама) жүйесінің түсінігін ашыңыз. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісін көрсетіңіз. Заң шығармашылық жүйесінің түсінігін ашыңыз. Құқық жүйесі және заңдар (заңнама) жүйесінің арақатынасын көрсетіңіз.
31. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен белгілерін ашыңыз. Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғы шарттарын көрсетіңіз. Құқықтық қатынастардың түрлерін ашып көрсетіңіз.
32. Нормативтік-құқықтық актілер және құқық қолдану актілерінің түсінігін, өзгешелігін, ерекшеліктерін көрсетіңіз. Құқықтағы олқылықтар (ақтандақтар), оларды болдырмаудың тәсілдерін ашыңыз. Құқық аналогиясы (ұқсастығы) мен заң аналогиясын салыстырыңыз.
33. Құқық нормаларын түсіндірудің түсінігін беріңіз. Құқық нормаларының субъектілері, тәсілдері мен көлемдері бойынша түрлерінің түсінігін ашыңыз. Құқықты түсіндіру актілері: түсінігі, ерекшеліктері, түрлерін көрсетіңіз. Түсіндіру актілері және қолдану актілерін, түсіндіру актілері және нормативтік құқықтық актілерін салыстырыңыз. ҚР Конституциялық Кеңесінің талқылаған актілерінің заң ғылымы және құқықтық тәжірибе үшін маңызының мағынасын ашыңыз.
34. Құқықтық сананың түсінігін, құрылымын, түрлерін ашыңыз. Құқық шығармашылық және құқық қолданудың құқықтық сана үшін әсерін анықтаңыз Құқықтық идеология мен құқықтық психологияның түсінігін беріңіз.
35. Құқықтық мәдениеттің түсінігін беріңіз. Құқықтық немқұрайлық (нигилизм): түсінігі, себептері, оларды болдырмаудың жолдарын көрсетіңіз. Құқық қорғау органдары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениетін ашыңыз.
36. Құқық пен құқықтық сананың өзара байланыстарын ашыңыз. Құқық шығармашылық ісін қолдануда, түсіндіруде құқықтық сананың атқаратын рөлін көрсетіңіз. Құқықтық тәрбиенің түсінігін, әдістерін ашыңыз.
37. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен белгілерін ашыңыз. Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғы шарттарын көрсетіңіз. Құқықтық қатынастардың түрлерін ашып көрсетіңіз.
38. Құқықтық қатынастың құрылымы анықтаңыз. Құқықтық қатынастардың объектілерінің түсінігі мен түрлерін ашыңыз. Құқықтық қатынастардың субъектілерін көрсетіңіз. Құқық субъектілік, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік ұғымдарына түсінік беріңіз. Құқықтық қатынастардың мазмұнын ашыңыз. Субъективтік құқық пен заң алдындағы жауаптылықты ашыңыз.
39. Құқық нормасы және құқықтық қатынастың арақатынасын ашып көрсетіңіз. Заңды айғақтар және олардың жіктелуін ашыңыз. Құқықтық қатынастар пайда болу үшін заңды айғақтардың маңызын анықтаңыз.
40. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасын ашыңыз. Заңдылық және құқықтық тәртіптің қоғамда атқаратын рөлін анықтаңыз. Қоғамдағы заңдылықты қамтамасыз етудің кепілдіктерін ашыңыз. ҚР қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың проблемаларын анықтаңыз.
41. Заңды мінез-құлықтың түсінігі мен түрлерін ашыңыз. Құқыққа сай мінез-құлық, құқыққа қарсы мінез-құлық, заңи бейтарап мінез-құлықты салыстырыңыз.
42. Құқыққа сай мінез-құлықтың түсінігі мен түрлерін ашыңыз. Құқыққа сай мінез-құлықты анықтайтын факторларды ашып көрсетіңіз.
43. Құқық бұзушылықтың түсінігін, негізгі белгілерін, құрамын ашып көрсетіңіз. Құқық бұзушылықтың түрлерін ашыңыз. Құқық бұзушылықтардың себептерін, оларды болдырмау жолдары ашыңыз.
44. Заң алдындағы жауаптылықтың түсінігі, белгілері және түрлерін ашыңыз. Заң алдындағы жауаптылықтың қағидаларын көрсетіңіз. Заң алдындағы жауаптылық пен мемлекеттік ырықтандыру және құқық бұзушылықтың жолын кесу шараларын анықтаңыз.
45. Заңды жауаптылық және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ашыңыз. Құқықтық мемлекет құрудағы жаңа Қылмыстық Кодекстің

- мағынасын анықтаңыз. Гуманизм қағидасының заңды жауаптылық үшін маңызын ашып көрсетіңіз.
46. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдар жүйесінде Конституцияның алатын орнын ашып көрсетіңіз. Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей қолданылуы түсінігін ашыңыз. ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ашыңыз (1998, 2007, 2011, 2017жж.). ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің мақсатын анықтаңыз.
  47. Қоғамның құқықтық жүйесінің түсінігі мен құрылымын ашыңыз. Құқықтық жүйені бөлудің негіздерін (критерийлерін) ашып көрсетіңіз. Құқықтық жүйе түсінігінің заң ғылымы және тәжірибесі үшін маңызын анықтаңыз.
  48. Романо-германдық құқықтық жүйенің жалпы сипатын беріңіз. Романо-германдық құқықтық жүйедегі құқықтың қайнар көздерін көрсетіңіз. Қазіргі құқық үшін рим құқығының маңызын анықтаңыз.
  49. Ағылшын-американдық құқықтық жүйенің жалпы сипатын беріңіз. Сот прецедентінің түсінігін беріңіз. Ағылшын-американдық құқықтық жүйедегі құқықтың қайнар көздерін көрсетіңіз. Құқық шығарушы ретіндегі соттың ролін анықтаңыз.
  50. Дәстүрлі – діни құқықтық жүйенің жалпы сипатын беріңіз. Мұсылмандық құқық және оның ерекшеліктерін көрсетіңіз. Мұсылмандық құқықтың қайнар көздерін анықтаңыз.
  51. Өмір сүру құқығының түсінігін беріңіз. ҚР Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын ашыңыз. ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін анықтаңыз.
  52. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің түсінігін ашыңыз. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу қағидаларын көрсетіңіз (ҚР Конституциясы 39 бап).
  53. Құқықтар мен міндеттердің түсінігін беріңіз. Міндеттер мен құқықтардың өзара байланысын дәлелдеңіз. ҚР азаматтарының конституциялық міндеттерінің түсінігін беріңіз.
  54. Мемлекет, саясат, құқық және экономика ұғымдарының арақатынасын ашып көрсетіңіз. Олардың өзара байланыстары мен әрекет етуін ашыңыз. Әлемдік қаржылық дағдарыс кезіндегі мемлекеттің ролін анықтаңыз.
  55. Құқық және тұлға категорияларының арақатынасын ашыңыз. Тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігін беріңіз. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде мемлекеттің атқаратын ролін ашып көрсетіңіз.
  56. Мемлекет, құқық және адамзаттың әлемдік проблемалары (экология, халық санының өсуі, халықаралық қауіпсіздік және халықаралық терроризммен күрес және т.б.) түсініктерінің арақатынасын ашыңыз. Адамзаттың жаһандану мәселелерін реттеу кезіндегі мемлекеттің атқаратын ролін көрсетіңіз. Адамзаттың жаһандану мәселелерін реттейтін ұлттық және халықаралық институттарын анықтаңыз.
  57. Құқық шығармашылықтың түсінігін, қағидаттарын, түрлерін ашып көрсетіңіз. Қазақстан Республикасындағы заң шығармашылық ісінің түсінігі мен сатыларын ашыңыз. Заң техникасының түсінігін анықтаңыз.
  58. Құқық нормасының құрылымын анықтаңыз. Құқықтық тәжірибе үшін құқық нормасының элементтерінің мағынасын ашыңыз.
  59. ҚР қазіргі кездегі құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіңіз. ҚР құқықтық жүйесіне рим құқығының және қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінің әсерін анықтаңыз. ҚР құқықтық жүйесінің болашақтағы даму жолдарын негіздеңіз.
  60. Кодификация және инкорпорацияны салыстырыңыз. ҚР кодификациялау ісінің дамуын анықтаңыз. Жаңа кодификацияланған актілерді дайындау және қабылдау – уақыттың объективтік талабы екендігін дәлелдеңіз.

#### **г) Қорытынды емтиханды бағалау саясаты, бағалау критерийлері**

1. Қорытынды емтиханда студенттің білімін бағалау барысында келесі өлшемдер ескеріледі:

2. идеяның дұрыстығы;
3. емтиханға шығарылған сұрақтың ашылу, зерттелу деңгейі;
4. жауаптың толықтығы дәрежесі;
5. баяндау, жазу тілінің анықтығы мен нақтылығы;
6. жасалған қорытындының негізделген болуы;
7. шет елдермен салыстырмалы талдау жасау;

**д) Қорытынды емтиханды тапсырушыларға ұсынылатын әдебиеттер:**

**А) Негізгі:**

- 1 Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық . – Астана, 2011. – 217 б.
- 2 Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. – Алматы, 2013. – 583 б.
- 3 Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық .- Алматы, 2003. – 131 б.
- 4 Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық .- Алматы, 2005.- 205 б.
- 5 Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық .- Алматы, 2006. – 156 б.
- 6 Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы.Оқулық .- Алматы, 2008. – 121 б.

**Б) Қосымша:**

- 1 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстанның құқықтық саясаты тұжырымдамасы.
- 2 Ағдарбеков Т.А. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері.- Оқулық. - Алматы, 2008. – 189 б.
- 3 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). - Алматы: Жеті жарғы, 1997.- 191.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, Атамұра. - 2003. – 277 б.
- 5 Сәбикенов С.Н. Салыстырмалы мемлекеттік құқық. Оқулық. – Алматы, Өркениет. – 2000. – 154 б.
- 6 Сартаев С.С., Нурпеисов Д.К. Тәуелсіз Қазақстан – егеменді мемлекет. – Алматы, 2004. – 385 б.
- 7 Сартаев С.С. Біз конституциялық кеңістікте өмір сүреміз. – Алматы, 2010. – 455 б.

**В) Нормативтік құқықтық актілер**

- 1 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2 06 сәуір 2016 жылы қабылданған Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы.
- 3 Н.Назарбаев: Ұлт Жоспары – “100 нақты қадам” <http://kazgazeta.kz/?p=30112>
- 4 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.